

УДК 811.512.122' 366

Мухамади Куралай Толегеновна, кандидат филологических наук, доцент
кафедры филологии Университета имени Сулеймана Демиреля, г.Алматы,
Республика Казахстан
e-mail: Kuralay_sdu@mail.ru

ОБ АНАЛИТИЧЕСКОМ ПАДЕЖЕ В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

Аннотация. В статье говорится о форме аналитического падежа в тюркских языках. Автор на основе научных выводов ученых об аналитическом падеже в тюркских языках рассматриваются языковые единицы (служебные имена и послелогии), составляющие форму аналитического падежа, а также их функции в процессе образования аналитического падежа.

Ключевые слова: тюркские языки, аналитическая форма, аналитический падеж

Muhammadi Kuralay Tolegenovna, Candidate of Philology, Associate
Professor of the Department of Philology of the Suleyman Demirel University,
Almaty, Kazakhstan
e-mail: Kuralay_sdu@mail.ru

ON THE ANALYTICAL CASE IN TURKIC LANGUAGES

Abstract. The article deals with analytical forms of nominal parts of speech in Turkic languages. The work provides a brief review of academic researches, which deal with analytical forms of nominal parts of speech from the point of view of analytical forms of the case; it also considers linguistic units (auxiliary parts of speech and postpositions) which make up analytical form

Key words: Turkic languages, analytical forms, nominal parts of speech, analytic case

Мұхамеди Қ.Т., ф.ғ.к., доцент, Сулейман Демирель атындағы университет, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: Kuralay_sdu@mail.ru

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СЕПТІКТІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ ТУРАЛЫ

Түйін. Мақалада есім сөздердің аналитикалық тұлғасы проблемасы өте күрделі мәселе болуының басты себебі есім сөздердің аналитикалық тұлғасын жасайтын тілдік бірліктер бірнешеу және сипаты жағынан да әрқилы екендігімен байланысты деп қарастырылған. Олай дейтініміз, есім сөздердің аналитикалық тұлғалары түрлі сөз табына, олардың әртүрлі бірліктеріне қатысты. Есім аналитикалық тұлғалары зат есім мен сын есім сөз таптарына тән болып келеді. Есім аналитикалық тұлғалары осы екі сөз табының екі түрлі грамматикалық категорияларына қатысты. Олар: зат есімнің септік категориясы мен сын есімнің шырай категориясы деп аталып, мақала көліміне қарай тек түркі тілдеріндегі зат есімнің септік категориясының аналитикалық тұлғасы сөз болады.

Кілт сөздер: түркі тілдері, аналитикалық формалар, есім сөз таптары, аналитикалық септік, грамматикалық мағына

Кіріспе

Түркітануда өзекті саналатын мәселелердің бірі - сөз таптарының аналитикалық тұлғалары (формалары). Түркі тілдеріндегі аналитикалық тұлғалар коммуникацияда қолданысы мен белсенділігі жағынан алдыңғы орында тұратын етістіктерде, одан кейінгі орында тұратын зат есім мен сын есімде кездеседі. Етістіктің аналитикалық тұлғалары түркі тілдерінде молынан зерттелген мәселелердің бірінен саналады.

Мақаланың мақсаты

Жалпы түркі тілдерінде есім аналитикалық тұлғаларынан хабар беретін тілдік деректер, пікірлер бар болғанымен, ол дәл етістіктің аналитикалық тұлғаларындай жан-жақты зерттелді дей алмаймыз. Сондықтан біз мақалада түркі тілдеріндегі есім аналитикалық тұлғаларына тоқталамыз.

Негізгі бөлім

Алдымен етістіктегідей есім сөз таптарында да аналитикалық тұлға бар ма деген мәселеге келсек оған ғалымдар тарапынан айтылған пікірлерді жауап ретінде келтіре кетуге болатын сияқты. Мәселен, ғалым Э.В.Севортян түркі тілдерінде сөз түрлендіруші грамматикалық аналитикалық конструкцияның көбі етістікке қатысты деп, ал есімде олардың аз екендігін айтқан. Бұл ғалым пікірінен тілде есім сөз таптарының аналитикалық тұлғасы бар деп танитындығы белгілі болып отыр. Және осы Э.В.Севортян пікіріне ұқсас пікірлерді басқа жүйедегі тілдерге қатысты да кездестіруге болады, ол тілдерде де аналитикалық тұлғалар есім сөздерге карағанда, етістікте көбірек кездесетіндігі айтылады.

Түркі тілдерінде есім сөздердің аналитикалық тұлғасына септіктің аналитикалық тұлғасын жатқызатын еңбектер бар. Яғни, көмекші есімдерді септік жүйесіне қатысты қарайтын және есім сөз бен септеуліктер тіркесін аналитикалық септік деп танитын ғалымдардың пікірлері бірқатар. Орыс тіл білімінде предлогтың аналитикалық септік тұлғасын жасайтыны туралы пікірлер бар, предлогқа тән қасиеттер септеуліктердің бойында да кездеседі. Ол туралы башқұрт тіліндегі септеуліктерді арнайы зерттеген ғалым З.Б.Мулюкова былай дейді: «Послелогои и предлоги имеют сходные черты. Они состоят в следующем: послелогои так же, как и предлоги, относятся к разряду служебных слов: те и другие служат для выражения разных синтаксических отношений между знаменательными словами, управляют падежными формами имен, служат для конкретизации отношений, выражаемых падежными формами, дополняют и уточняют значения падежей, участвуют в оформлении членов предложения» [1, с.14]. Демек, орыс тілінде предлог аналитикалық септік жасайтын болса, түркі тілдерінде (оның ішінде қазақ тілінде) септеуліктердің

тіркесі аналитикалық септік деп танылуы ешбір тілдік заңдылыққа қарсы келе бермейді және оны түркі тілдеріне қатысты еңбек жазған ғалымдар дәлелдеп отыр.

Э.В.Севортян түркі тілдері септік мағынасы септеуліктер арқылы да беріліп келгендігін айтады: «Турецкая падежная система, еще в тюркоязычных памятниках представлявшая собою довольно сложную картину со стороны значений и форм, постепенно упростилась за счет отпадения ряда падежей, функции которых частью были переданы другим падежам, частью-последелогам» [2, с.101].

А.Н.Кононов көмекші есімдерді септік жүйесіне жатқызды: «Падеж служит для выражения лишь самых общих грамматических значений. В последелогии-имени сливаются в единое целое лексическое значение исходной основы и грамматическое значение падежа: таким образом, последелогии-имена входят в систему склонения» [3, с.314].

Ғалым М.Закиев 1964 жыл жазылған «К вопросу о категории падежа в тюркских языках» деген мақаласында септік қызметін тек септік атқармайды, оны басқа да көмекші сөздер мен септеуліктер атқара алады дейді. Ғалымның өз сөзінен үзінді келтірейік: «Но не только падеж осуществляет связь имени с другими словами, подобную же функцию могут нести последелогии и другие вспомогательные слова» [4, с.209].

Түркологияда бұл пікірді дамытушы ғалымдар да жоқ емес. Кейбір ғылыми еңбектерде көмекшілерді аналитикалық септеудің көрсеткіші дейтін пікірлер бар.

Түркі тілдеріндегі аналитикалық септік мәселесін көтерген – профессор Ф.А.Ганиев. Ғалым нольдік формадағы есім сөзбен көмекшілердің (септеуліктердің) тіркесін аналитикалық септік деп таниды. Ф.А.Ганиев татар тіліндегі 8 аналитикалық септікті көрсеткен. Аналитикалық септік туралы айтқан ғалымның мақаласы 1970 жылы жарық көрген еді. Ф.А.Ганиев ол мақаласындағы пікірін кең түрде түркі тілдерінің аналитикалық морфологиясы тұрғысынан «Аналитическая морфология тюркских языков: проблемы и

задачи» деген атпен жазылған мақаласында 1979 жылы «Советская тюркология» журналында баяндайды. Ғалым: «Научный анализ особенностей тюркских языков показывает, что они являются агглютинативно-аналитическими языками, хотя отдельные исследователи по сей день продолжают считать их чисто синтетическими (агглютинативными)» -деп, түркі тілдерін агглютинативті-аналитикалық тіл ретінде таниды [5].

Ф.А.Ганиев септік мағынасының көмекші сөздер арқылы берілуі көптеген тілдер үшін әдеттегі құбылыс деп санап, сондай тілдердің қатарына септік мағынасын қосымшадан өзге көмекші сөздер арқылы да беретін түркі тілдерін де жатқызады. Ол туралы ғалымның өз сөзін келтірейік: «Следовательно, выражение значение падежа служебными словами для некоторых языков-явление обычное. К таким языкам относятся и тюркские, в которых падежи выражаются не только присоединяются к основе аффиксами, но и послелогами»-деп жазады [6, с. 6].

Аналитикалық септік көп қырлы, күрделі тілдік құбылыс болғандықтан, оны жан-жақты, терең зерттеу қажеттігін Ф.А.Ганиев бірнеше мәрте баса айтады: «Для того, чтобы привести в стройную систему всю морфологию тюркских языков и ее категории, необходимо, по нашему мнению, включить в сферу изучения морфологии и аналитические формы выражения падежных значений. Итак, аналитическое выражения падежных отношений в тюркских языках представляет собой сложное явление и в системе грамматики занимает значительное место, поэтому оно, независимо от терминологических обозначений, должно стать объектом всесторонних и глубоких исследований» [6, с.7]. Ф.А.Ганиев аналитикалық септіктерді зерттеу өте маңызды мәселе санап, ғалымдар назарын оған аударуы ескерусіз қалған жоқ.

Өзбек тіліндегі септіктің аналитикалық тұлғасы туралы арнайы зерттеген ғалым - Х.Т.Ахтамова. Х.Т.Ахтамова 1981 жылы «Послеложные аналитические формы в современном узбекском литературном языке» деген тақырыпта кандидаттық диссертация жазған. Осы еңбегінде Х.Т.Ахтамова осы тақырыпты зерттеу нысаны етіп алуының себебін былайша түсіндіреді: «До

настоящего времени именные аналитические формы не были предметом специального монографического исследования. Это обстоятельство определило отсутствие сколько-нибудь полного описания значений и функций аналитических форм в системе узбекского имени. Оставался не определенным тот объем грамматических значений имени, который реализуется в узбекском языке посредством аналитических форм, а это значит, что не была определена в достаточной мере степень аналитизма в грамматике узбекского языка...» [7, с.1]. Х.Т.Ахтамова өзбек тилинде аналитикалык септик жасаушы бирлик ретинде септеуликтерди таниды. Ғалым аналитикалык тұлға жасаушы өзбек тилиндегі 25 септеулік шылаудың әрқайсысының мағынасын жеке-жеке тоқталған.

Жоғарыда аталған Ф.Ганиевтің, Х.Т.Ахтамованың еңбектері - аналитикалық септікке арналған арнайы зерттеулер. Ал олардан басқа жалпы септеуліктерді зерттеу барысында оның септікке байланысты қырлары туралы айтылған пікірлер де жоқ емес.

Түркологиялық әдебиеттерге шолу жасау барысында септеулік шылаулардың белгілі бір септікке байлаулы болатыны, белгілі бір септік тұлғасымен тіркесетіні, септік қосымшасы мен септеуліктердің мағыналық-қызметтік жақындығы бар екені байқалды.

Септеулік шылауларды зерттеген түркітанушы ғалымдар ішінде оларды септік жалғауына қатыссыз зерттеген бір де бір ғалым жоқ, ғалымдардың бәрі септеулік шылауларды септікпен байланысты зерттеген. Осының өзі-ақ септеулік шылау мен септік жалғаулардың тығыз байланысы барын білдіреді.

Екіншіден, бірсыпыра ғалымдар сөз құрамында септік жалғау мен септеулік шылаудың тіркесі бір мағына беретінін дәлелдеген. Бұл септік жалғауы мен септеулік шылау тіркесі бір тілдік көрсеткіш, бір тілдік бірлік қызметін атқарады дегенді білдіреді. Өйткені бір тілдік бірлік қана біртұтас мағынаны бере алады.

Үшіншіден, түркітануда аналитикалық септікті танушы, дәлелдеуші Ф.А.Ганиев татар және тіліндегі аналитикалық септікті дәлелдеп,

олардың бір көрсеткіші ретінде септік жалғауы мен септеулік шылау тіркесін таныған пікірін өзге ғалымдар растаған.

Жоғарыда айтылғандар қарағанда көмекші есімдердің септік жүйесінде қаралуы мен оның аналитикалық тұлға жасайтыны туралы нақты айтылған пікірлер өте аз. Бірақ көпшілік түркологиялық әдебиеттерде септеуліктер мен көмекші есімдердің ара салмағы анықталып, ерекшеліктері толық танылып, олар жеке-жеке топ ретінде анықталмағандықтан, аналитикалық тұлға жасаушы ретінде көмекші есім тыс қалған дей алмаймыз. Басқаша айтқанда, түркі тілдеріне қатысты ғылыми еңбектерде септеуліктердің құрамында көмекші есімдерде араласып жүр. Әсіресе жоғарыда келтірілген пікірлерде септеуліктердің ілік септігін меңгеретіні туралы айтылған пікірілердің көпшілігі септеулікке қатысты айтылғанымен шын мәнінде оның біразы көмекші есім туралы деуге де болады.

Қазақ тілінде көмекші есімдер зат есіммен бірге қаралып жүр, оның себебі көмекші есімдер грамматикалық мағынасы жағынан да, тіркесетін сөздері жағынан да, өзі шыққан сөз табының ерекшелігін сақтаған, байланысын үзбеген. Көмекші есімдер де, көмекші етістіктер де өзі шыққан сөз табынан алшақтап кетпеген. Ол туралы пікірлерді ғалымдар еңбектерінен кездестіруге болады. Мәселен, профессор А.Ысқақов: «көмекші есімдер, күрделі етістіктердің құрамындағы көмекші етістіктер қандай қызмет атқарса, дәл сондай қызмет атқарады. Айырмашылығы – біреулері – көмекші есімдер. Мысалы «жығылып қалдың ба?» дегендегі «қалдың» деген көмекші етістік мағынасы жағынан өзінен бұрынғы «жығылып» деген негізгі етістіктің қандай бөлшегі сияқтанып көрінсе, «үй ішің аман ба?» дегендегі «ішің» деген көмекші есім мағына жағынан өзінен бұрынғы «үй» деген негізгі есімнің сондай бөлшегі. «Қалдың» деген көмекші етістік «жығылып қалдың» деген күрделі етістіктің көптелетін, жіктелетін дәнекері болса, «ішің» деген көмекші есім «үй ішің» деген күрделі есімнің тәуелденетін, септелетін дәнекері» [8, с.38]. Ғалымның күрделі етістік деп отырғаны шын мәнінде *жығыл* негізгі етістігіне –ып қал аналитикалық форманты жалғанған аналитикалық тұлғалы етістік.

А.Ысқақовтың жоғарыдағы пікірі 1948 жылы жазылған «Көмекші есімдер» деген мақаласында айтылған. Ал ол кезде аналитикалық тұлғалы етістік күрделі етістіктің қатарында қаралып жүрді. Аналитикалық тұлғалы етістік ғылымда кейінірек танылды. Ғалымның пікірінің негізінде ой қорытсақ, мынадай пікірге келуге болады: аналитикалық тұлғалы етістіктің екінші сыңары грамматикалық мағына береді, ал көмекші есімнің зат есімге тіркесінің дәл аналитикалық тұлғалы етістіктің қызметімен сай келуі есімнің аналитикалық тұлғасы екендігін көрсетеді.

Көмекші есімдерді септік жүйесіне жатқызушы ғалымдардың бірі – В.Исенғалиева. В.Исенғалиева: «Они являются носителями падежных аффиксов и по лексическому значению дополняют значение падежа, уточняют и конкретизируют пространственные отношения, выражаемые падежом» [9, с.18] - деп көмекші есімдер септік мағынасын нақтылайтындығына назар аударады.

Қазақ тілінде көмекші есімдерді септік категориясымен байланысты қарап, оның себебін аналитикалық септікпен байланысты танып алғаш пікір білдірген тілші-ғалым – Н.Оралбаева. Н.Оралбаева: «Көмекші есімдер септік категориясымен байлаулы, ол септіксіз ешқашан қолданылмайды. Септік категориясымен мағына жағынан байланысына қоса, *оның септік категориясынсыз тілде қолданылмауы көмекші есімдердің септік категориясымен тығыз байланысына дәлел*» [10, 164] - деп көмекші есімдерді септік категориясына жатқызады. (Курсив – Қ.Т.Мұхамеди).

Сол сияқты ғалым Н.Оралбаева пікірінде көмекші есім тіркесі септіктің аналитикалық тұлғасы деп ашық айтылған: «Сөздердің қарым-қатынасын жалпы көрсету керек болса, септіктің синтетикалық түрі қолданылады да *септіктің мекендік мағынасын дәл, нақтылы көрсетуде көмекші есім тіркеседі, септіктің аналитикалық тұлғасы қолданылады*» [10, 164]. (Курсив – Қ.Т.Мұхамеди). Бұл пікір бойынша, септіктің аналитикалық тұлғасы септік категориясының мағынасының көмекші есім қатысы арқылы күрделенген түрі болып саналады.

Сол сияқты түркітануда есім сөз таптарының аналитикалық тұлғаларына сын есімнің шырай тұлғалары жатқызылып, күшейтпелі шырайдың аналитикалық түрлері сөз болып жүр.

Қорытынды

Қорыта келгенде, түркі тілдерінің барлығында септіктің аналитикалық түрінен өзге шырайдың аналитикалық тұлғалары да бар және олардың ұқсастықтары да мол. Олардағы ұқсастықтар заңды түрде түркі тілдерінің грамматикаларынан, шырай туралы арнайы жазылған еңбектерден орын алған. Бұл мақаламызда оларға тоқталып жатпай, есім аналитикалық тұлғасын жасаушы тілдік бірліктер кейбіреулеріне ғана сөз етумен шектелдік.

Литература

1. Мулюкова З.Б. Башкирские послелогии и способы их передачи в контактирующих языках: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Уфа, 1985. – 19 с.
2. Севортян Э.В. К истории падежной системы в тюркских языках // Ученые записки Военного института иностранных языков. – М., 1948. № 6. – С. 90-101.
3. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – М-Л., 1960. – 415 с.
4. Закиев М.З. К вопросу о категории падежа в тюркских языках // Проблемы тюркологии и истории востоковедения. – Казань, 1964. – С. 207–219.
5. Ганиев Ф. А. Аналитическая морфология тюркских языков: проблемы и задачи // Советская тюркология. № 1. – 1979. С. 88–93.
6. Ганиев Ф.А. Вопросы морфологии татарского языка. – Казань, 1980. – 92 с.
7. Ахтамова Х.Т. Послеложные аналитические формы в современном узбекском литературном языке: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Ташкент, 1981. – 20 с.
8. Ысқақов А. Көмекші есім // Халық мұғалімі, 1948.

9.Исенгалиева В. Служебные имена и послелогии в казахском языке. – Алма-Ата, 1957. –159 с.

10.Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы, 1986. – 164 с.